



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына
90 жыл толуына орай және гуманитарлық ғылымдар академигі
Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың 90 жылдығына арналған
«ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ» атты
XXVII Халықаралық «Аханов оқулары»
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖИНАҒЫ

Международные Ахановские чтения – XXVII
«ТЮРКСКИЙ МИР: ЯЗЫК, ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА»,
посвященные 90-летию со дня основания
Казахского национального университета им. аль-Фараби
и 90-летию академика гуманитарных наук
Алтая Сарсеновича Аманжолова
СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ КОНФЕРЕНЦИИ

International Akhanov Readings – 27
«TURKIC WORLD: LANGUAGE, HISTORY AND CULTURE»,
dedicated to the 90th anniversary of the founding
of Al-Farabi Kazakh National University
and the 90th anniversary
of Academician of Humanities Altai Sarsenovich Amanzholov
COLLECTION OF CONFERENCE MATERIALS

31 мамыр-01 маусым
2024 жыл



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына
90 жыл толуына орай және гуманитарлық ғылымдар академиясы
Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың 90 жылдығына арналған
«ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ» атты
XXVII Халықаралық «Аханов оқулары»

31 мамыр-01 маусым, 2024 ж.

Конференция материалдары жинағы

Международные Ахановские чтения – XXVII
«ТЮРКСКИЙ МИР: ЯЗЫК, ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА»,
посвященные 90-летию со дня основания
Казахского национального университета им. аль-Фараби
и 90-летию академика гуманитарных наук Алтая Сарсеновича Аманжолова

31 мая-01 июня 2024 г.

Сборник материалов конференции

International Akhanov Readings – 27
"TURKIC WORLD: LANGUAGE, HISTORY AND CULTURE",
dedicated to the 90th anniversary of the founding
of Al-Farabi Kazakh National University
and the 90th anniversary
of Academician of Humanities Altai Sarsenovich Amanzholov

May 31–June 01, 2024

Collection of conference materials

Алматы, 2024

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына орай және гуманитарлық ғылымдар академигі Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың 90 жылдығына арналған «**ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**» атты XXVII Халықаралық «*Аханов оқулары*» конференция материалдары жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 362 с.

ISBN 978-601-04-6665-4

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына және академик А.С. Аманжоловтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Түркі әлемі: тіл, тарих және мәдениет» XXVII *Аханов оқулары* халықаралық конференциясы материалдар жинағында түркология дәстүрлер мен көзқарастар, тіл және семиотика, тіл және жазу, тіл мен мәдениет, салыстыру мәдениеттерді түсінудің маңызды факторы, ана және шет тілдерін оқыту әдістемесі мен цифрлық технологиялар, жасанды интеллектті дамыту, нейролингводидактика сияқты салалардағы әртүрлі мәселелер талқыланады. Барлық мақалалар авторлық басылымда берілген.

Сборник материалов Международной конференции *Ахановские чтения – XXVII* «Тюркский мир: язык, история и культура» посвящен 90-летию со дня основания Казахского национального университета им. аль-Фараби и 90-летию со дня рождения академика А.С. Аманжолова. В материалах конференции поднимаются различные вопросы по таким направлениям, как традиции и перспективы тюркологии, язык и семиотика, язык и письмо, язык и культура, сопоставление как важный фактор понимания культур, методика преподавания родного и иностранных языков и цифровые технологии, нейролингводидактика в условиях развития искусственного интеллекта. Все статьи даны в авторской редакции.

Collection of materials of the International Conference *Akhanov Readings – XXVII* “Turkic World: Language, History and Culture” is dedicated to the 90th anniversary of the founding of the al-Farabi Kazakh National University and the 90th anniversary of the birth of academician A.S. Amanzholov. The conference materials raise and discuss various issues in such areas as traditions and perspectives of the Turkology, language and semiotics, language and writing, language and culture, comparison as an important factor in understanding cultures, methods of teaching native and foreign languages and digital technologies, neurolinguodidactics in conditions for the development of artificial intelligence. All articles are given in the author's edition.

ISBN 978-601-04-6665-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

шығып, ауыр соққыдан қаза табады. Есет батырға тән мінез танытып, қаза болған Қонон ханды жатқан жеріне жерлеуді бұйырады. Осылайша қазақ пен қалмақ татуласып, риза болып тарасады. Ал Қонон хан көмілген жерді халық «Қонон жар» деп атап кеткен. Уақыт өте бұл атау өзгеріске ұшырап, Қонжар аталып кеткен.

Топонимдер арқылы халықтың көші – қон бағыттары, отарлануы, этникалық шекаралары және т.б. мәселелері қалпына келтіріледі. Сонымен қатар бұл мәліметтер халықымыздың рухани және материалдық тұрмыс – тіршілігінен хабар береді. Географиялық атаулар халықтың өмір сүру деңгейіне сай қалыптасып отырған. Мәселен, «Атансауған», «Атансойған» деген жердің атауы ашаршылық кезінде аулыдағы жалғыз атанды халық лауға жеуге пайдаланып, сол атан күшін сату арқылы күндерін көруімен байланысты осылай аталған. Атанды ұстап отырған сол жер «Атансауған» аталса, сол елдің халқы «атансауғандар» аталып кеткен. Топонимикалық этимонның пайда болған орнын, мерзімін көруге болады, мотиві – ашаршылық кезең. Жер атына қойылған номендік белгі және оның мотивтері сол жердің тарихи қойнауынан сыр тартуға мүмкіндік береді. Солардың ішінде Темір ауданындағы «Қалмаққырылған» елді мекен жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жасағының жоңғарларға берген соққысының негізінде сақталған. Осылайша тарихи оқиғалар мен сырға толы жер – су атаулары негізінде ұлттың қалыптасқан мәдениеті мен бүгінгі тұрмыс – тіршілігін, сонымен қатар болашақ келбетін танитымыз.

Қазіргі таңда топонимдердің жаңаруы олардың қалыптасу тарихынан бастау алғаны белгілі. Ерте заманнан бері қалыптасқан жер – су атауларының тарихи маңызы зор. «Жер судың аты – тарихтың хаты» деп дана халқымыз айтқандай тарихы тереңнен бастау алатын топонимдердің шығу тарихын әлі де зерттеулерді қажет ететін мәселе.

Әдебиеттер

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері – 2005. – 240 б.
2. Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. – 128 б.
3. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы. – Алматы, 1997.
4. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. – Алматы, 1992. – 61 с.

МРНТИ 16.21.25

ҚАЗАҚ ӘЗІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ (СТЕНДАП МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Копеева А.К., Кадырова Б.М.

Торайғыров университеті

Павлодар, Қазақстан

Kopayeva-ak@mail.ru

Түйіндеме. Берілген мақалада қазақ стендап-комиктерінің әзілдеріндегі комикалық құбылыс жасау тәсілдері мен әзілдердің объектіге қарай түрлері және оның тақырыптары қарастырылады. Тақырыпты ашу үшін мақала материалына стендап мәтіндері қолданылды. Зерттеу барысында құрылымдық грамматиканың «тұлғадан мағынаға қарай», функционалды грамматиканың «мағынадан тұлғаға қарай» зерттеу, құрылымдық-семантикалық сипаттау, функционалды-семантикалық және мәнмәтіндік талдау, дифференциациялау және гипотетикалық түсіндіру әдістері, заманауи статистикалық тәсілдері (деректерді талдау барысын сипаттағанда статистикалық талдау жасаудан гөрі тұтыну мен түсіну процесі) қолданылды. Бұған дейінгі комизмге қатысты шетел және қазақстандық ғылыми еңбектерге, оның ішінде стендап-комедияның даму тарихына шолу жасалып, ұсынылды. Зерттеу ізденісінде стендап объектісінің сипатына қарай топталады, монологтер тақырыбы,

комикалық әсер етудің тәсілдері сараланып, стендаптағы мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері анықталады. Қазақ стендап-комедиясы ұлттық менталитет өзгешелігін танытатын, сондай-ақ белгілі бір мәдени модель аясында қалыптасатын лингвокогнитивті феномен, яғни юмордың ерекше жанры ретінде тұжырым жасалады.

Кілт сөздер: *стендап-комедия, комикалық құбылыс, қазақы әзіл-қалжың, күлкі тудыру тәсілі, ұлттық менталитет*

О ЯЗЫКОВЫХ ОСОБЕННОСТЯХ КАЗАХСКИХ ШУТОК (НА МАТЕРИАЛЕ СТЭНДАПА)

Копеева А.К., Кадырова Б.М.

Университет Торайгырова

Павлодар, Казахстан

Копеева-ak@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются приемы создания комического в выступлениях казахских стендап-комиков, тематика и виды шуток по характеру объекта. Материалом для статьи послужили тексты стендап. В исследовании использовались методы структурной грамматики «от лица к значению», функциональной грамматики «от значения к личности», структурно-семантического описания, функционально-семантического и контекстуального анализа, методы дифференциации и гипотетической интерпретации, современные статистические подходы. В статье сделан краткий обзор исследований темы комического в зарубежной и казахстанской науке, история развития стендап-комедии. В процессе анализа определены виды стендапов по характеру объекта, тематика монологов, а также приемы создания эффекта комического в стендапах, лингвистические особенности текстов. Казахский стендап-комедия представлен как особый жанр юмора, лингвокогнитивный феномен, сформированный в рамках определенной культурной модели, отражающий особенности национального менталитета.

Ключевые слова: *стендап-комедия, комическое, казахский юмор, приемы создания комического, национальный менталитет*

ABOUT THE LINGUISTIC FEATURES OF KAZAKH JOKES (BASED ON STANDUP MATERIAL)

Kopayeva A.K., Kadyrova B.M.

Toraygyrov University

Pavlodar, Kazakhstan

Kopayeva-ak@mail.ru

Abstract. This article discusses the techniques of creating a comic in the performances of Kazakh stand-up comedians, the subject and types of jokes by the nature of the object. The material for the article was stand-up texts. The research used methods of structural grammar "from person to meaning", functional grammar "from meaning to personality", structural-semantic description, functional-semantic and contextual analysis, methods of differentiation and hypothetical interpretation, modern statistical approaches. The article provides a brief overview of the research on the topic of comic in foreign and Kazakh science, the history of the development of stand-up comedy. In the process of analysis, the types of stand-ups by the nature of the object, the subject of monologues, as well as techniques for creating a comic effect in stand-ups, linguistic features of texts are determined. Kazakh stand-up comedy is presented as a special genre of humor, a linguocognitive phenomenon formed within a certain cultural model, reflecting the peculiarities of the national mentality.

Keywords: *stand-up comedy, comic phenomenon, Kazakh humor, comic creation techniques, national mentality*

Комик категориясы ұзақ уақыт бойы ғалымдардың назарын аударып келе жатқаны белгілі. Бұл оның әртүрлі гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және лингвистикада қарастырылатын көп аспектілі күрделі құбылыс екендігімен байланысты болса керек. Лингвистикалық тұрғыдан зерттелу тарихына көз жүгіртсек, бірқатар зерттеулердің ағылшын юморына қатысты жасалғанын байқаймыз. Вебстер сөздігіне сәйкес, «humor» сөзінің анықтамасы былайша берілген: 1) the repception, that enables you to experience joy even when faced with adversity («қуанышты сезінуге мәжбүрлейтін сезім»); 2) something, that is designed to be comical or amusing («комикалық немесе шын мәнінде ерсі нәрсе») [1].

Антропоцентристік бағыттағы орыс тіл білімінде юморды зерттеудің негізгі теориялық постулаттары мен әдістері Г.Г. Почепцов, Н.Д. Арутюнова сынды ғалымдардың еңбектерінде қалыптасқан. Бұл бағыттағы назар аударуды қажет ететін еңбектердің бірі – қырғызстандық ғалымдар К.З. Зулпукаров пен З.М. Сабиралиеваның «Юмордың когнитивті-тілдік мәні мен оның жасалу тәсілдері туралы» зерттеуі. Зерттеуде юмордың маңызды қасиеттері анықталып, публицистикалық, сөйлеу және көркем дискурстағы юмор жасаудың тиімді амал-тәсілдері айқындалады [2].

Аталмыш тақырып отандық ғалымдар зерттеулеріне де арқау болған. Бастауын өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары «Қазақ сатирасы» тақырыбында докторлық диссертациясын жазған Т. Қожакеевтің есімімен байланыстыруға болады. Ғалым сатира мен юмордың жалпы мәселелерін қарастыра келіп, қазақ сатирасының жанры мен тарихын, теориясы мен ерекшеліктерін саралаған. Т.Қожакеевтің осы бағыттағы зерттеулері «Сатира негіздері» атты оқулығында жалғасын табады [3]. Осы кезеңде жазылған сүбелі еңбектердің бірі – А. Мұсаевтың «Қазақ сатирасының поэтикасы». Автор заманауи сатира мәселелері мен юмордың жанрлық көп түрлілігін зерттеу нысанына алған [4].

Қазақ тіл білімі комизм тақырыбына байланысты зерттеулермен жыл сайын толығу үстінде. А.Т. Бақтыбаева қазақ көркем мәтіндеріндегі комизмдер генезисі мен формаларын жан-жақты талдаған. Ғалым қазақ әдебиетіндегі күлкі әлемінің негізгі категориясының өзара көркем байланысын ашып, көркемдік және философия тұрғысынан қазақи күлкі мәдениетінің эстетикалық ерекшелігін сипаттаған [5]. Сонымен бірге ғалым бір қатар еңбектерін Қазақстанның XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы орыс тілді әдебиеттегі комизм феноменін зерттеуге арнаған. Аталған және басқа да еңбектерде комизмдердің жанрлық ерекшеліктері сияқты мәселелері де қозғалған.

Юмордың заманауи жанрларының бірі – стендап-комедия, мұндағы қалжың-монологтің авторы өзінің қысқа әзілдерін көпшілікке ұсынып, аудитория алдында импровизация жасайды. Бұл жанрдың ерекшелігі әзілдер тақырыбына қатысты шектелмейді: автор-комик материалды шабытына қарай өзі таңдап, күнделікті тұрмыстағы жағдайларды күлкі етеді де, қалжындарының кейіпкері ретінде өзін не тыңдарман-көрермендер арасынан алады. Стендап, біздің пікірімізше, «юморды зерттеу мәселесіне жаңаша көзқараспен қарап, комикалық шығармалардың мақсаты мен лингвистикалық құрылымының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді [6, 141].

Стендап-комедия қалыптасқан жанр ретінде XVIII-XIX ғасырларда ағылшын мюзик-холдарында пайда болған. Америкада стендаптың негізін қалаушылары болып Марк Твен және Норман Уилкерсон саналады. XX ғасырдың екінші жартысында бұл жанрдың танымалдығы күрт өсіп, 1970 жылы стендап-комедия Америкадағы комикалық өнер көрсетудің негізгі формасына айналады. Қазіргі американдық стендаптың бастауында тұрған әзіл-сықақшылардың (Ленни Брюс, Ричард Прайор, Джордж Карлин, т.б.) белгілі бір материалға қатысты өнер көрсету еркіндігіне байланысты қиындықтарға ұшырағаны заңды, бұл стендап-нөмірлерінің тақырыптары арандатушылық мәнде болуына байланысты [7]. Демек, стендаптың жанр ретінде қатаң шектеулері жоқ. Әзіл-сықақшыны шабыттандыратын

не өзіне күлкілі болып көрінетін кез келген материал пайдаланылуы мүмкін. Қоғамның кемшіліктері, күнделікті өмірдегі кері жағдайлар мен ащы шындық сияқты тыйым салынған тақырыптар бұл жанрдың танымалдығын арттырады.

Стендап-қалжыңдардың негізгі құрылымдық элементтеріне: негізгі ақпараттық бөлікті, яғни мақсат, одан кейін сенімнің теріске шығуын жатқызуға болады. Негізгі бөлікте комик өзінің әзілін айта отырып, көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Бұл бөліктің өз тақырыбы, ұстанымы және алғышарты болады. Стендап-әзілінің тақырыбы әзіл-қалжыңның объектісімен сәйкестігі жиі кездеседі.

Стендаптың құрылымы			
1			2
Ақпараттық бөлім			сенімнің теріске шығуы (П.И.Гальцов термині)
Тақырып=объект	Ұстаным	Алғышарт	

Мысал ретінде бірнеше стендапты қарастырайық:

1. Мысалы, «Қазақ отбасы» тақырыбы «Отбасы» объектісімен сәйкес келеді. Стендап: *«Қазақтың отбасына бірінші мен кенже бала ғана керек»* (Т.Қабатов) сөзімен басталады. Оқиға хронологиялық тұрғыда жүйелі, себеп-салдар байланысы сақталған: бір уақиғадан екіншісі туындайды.

Негізінен әзілдегі ұстаным дегеніміз – автордың әзіл объектісіне деген оң немесе теріс көзқарасы. Көбінесе комиктің өзі айтатын әзілінің объектісіне деген көзқарасы теріс болады. Әзіл-сықақшы өзі құрастырған ерекше конфликт әзіл сюжетінің «қозғалтқышы» ретінде қолданылады. Берілген әзілдегі конфликт: *қазақ отбасында тұңғыш және кенже балаға деген қатынас ерекше болады. Сенімнің теріске шығуы: олардың арасында туған балалар «назардан тыс» қалады, олар, комиктің айтуынша, «на чистом выживании»* (сөзді орыс тілінде қолданады). Монологте орыс сөздерін қолдану тәсілі комик тілін ауызекі стиліне жақын ете отырып, мықты комикалық әсер береді. Орысша сөздердің адамдардың сөйлеу тілінде белсенді қолданылатынын айта кеткен жөн.

2. Немесе «Ұлттық тағам» тақырыбы «қазақ асханасы» юмор объектісімен сәйкес келеді, әзіл-сықақшы, мәселен, *барлық жерде «түрік асханасы», «жапон асханасы», «қытай асханасы», «ұйғыр асханасы», т.б. бар, алай да «қазақ асханасының» жоқ, әр ұлттың өкілі өзінің тағам-асханасына барады, ал қазақтар барлық елдер асханасына барады, біз ұлттық тағамдармен ғана шектелеміз* деп назаланады. Әзіл авторы әзіл объектісіне жартылай-теріс көзқарасын білдіреді.

3. Әзілдің алғышарты аудиторияны қызықтырып, көңіл аудартуға, тыңдармандар үшін оның маңызды екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Алғышарт мынадай: *«Мен өз әйелімді жақсы көрем. Залдағы әйелдер қауымы, мен сіздердің барлығыңызды жақсы көремін»*. Бұдан кейін негізгі юмористикалық әсер әзілдің ұстанымда жасалған сенімнің теріске шығарылатын бөлігі есебінен қамтамасыз етіледі: *«Біздің ер адамдар ашуланса, есікті тарс жауып кетеді. Біздің әйелдер ашуланса, үйлеріне генеральный уборка істейді»*. Сенімнің теріске шығуы тілдік құралдардың бейнелілігі есебінен болады: берілген мысалда – мағыналық антонимдер арқылы: ер адамдар үйден кетеді, әйелдер үйде қалады; ер адам есікті тарс етеді – әйелдер үндемей жиһаздарды, тіпті диванды жалғыз өзі жылжытып тастайды және т.б. Бұл жерде *гиперболизация* – адам күшін шамадан тыс әсірелеу тәсілі қолданылған. Стендап авторы әзіл объектісіне оң көзқарасын білдіреді. Стендаптың бұл түрін *оқиғалық* деп атауға болады. Оқиғалық қалжыңдарда комик объектіге өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, *аналогия* амал-тәсілін қолданып, қазақ әйелдерінің шынымен мықты екенін, Әлия мен Мәншүкті ұмытпайтынымыз жайлы айтады, яғни күтпеген қорытынды жасайды.

4. Комик өзекті оқиғаларды өткен оқиғалармен салыстыра алады. Мәселен, тақырыбы – *«Қызды ұзату тойы»*. Объектісі - *«Бұрынғы той мен бүгінгі»*. Алғышарты - *«Есімде, бұрын*

қызды шығарып салғанда бүкіл ауыл жылайтын. Кеткеннен тек 4-5 жылдан соң келетін. Жеңеміз жылап отыратын, ол келгенше ұлымыз армияға да барып келді». Сенімнің теріске шығуы: «Қазір міне Астанаға көшіп келдік. Ауылға барып келейікші деп отырамыз». Мұнда уақыт бойынша қарама-қайшылық – бұрынғы мен қазіргі. Стендап авторы салыстыру тәсілімен әзіл объектісінің бұрынғы кездегісіне оң көзқарасын білдіреді. Стендаптың бұл түрін *өмірбаяндық* деп атауға болады («есімде» сөзі).

5. Юморлық құбылыс контраст негізінде туындайды, қалыптасқан стереотипті, мысалы Шымкент туралы стереотипі күлкі етіледі. Стендап-сықақшы Алматы, Астана және Шымкенттегі сауда жүргізуді сипаттап, күлкі нысанына алады. Алдымыздағы стендап – оқиғалық. Қалыптасып кеткен стереотип бойынша Шымкент туралы сөз еткенде, күлкі тудыруы керек. Күлкі бар. Бірақ стендап авторы әзіл объектісіне деген оң көзқарасын білдіріп, күтпеген оқыс қорытынды жасайды: «Сауда Шымкенттегідей іске асса, біз дамыған мемлекеттердің 10 санына кірер едік» (Т.Қабатов). Стереотипті «әлсірету».

6. «Южандар» монологінде белгілі қанатты сөздерге жаңа сөздерді қосу арқылы сөз мағынасының кеңеюі үдерісі кездеседі, бұл да айтылған ойдың мағынасын күшейтіп, тыңдарманның күлкісін тудырады. Мәселен, а) «Өмір бір рет қана беріледі» деген қалыптасқан фраза «Ал сол өмірді Шымкентте сүру керек» деген фразаға дейін кеңейтілген; б) Қазақстанның оңтүстік өңірінің тұрғындарына берілген «южандар» анықтамасы өзгертіліп, қазақтың «үй жандар» деген тіркесіне ауытырылады (Т.Қабатов).

Берілген барлық мысалдарымызда комик стандартты әдеби тілмен сөйлейді, бірақ өнер көрсету кезінде орысша сөздер қосылған ілікпе сөздер бірнеше рет айтылды, мысалы «Южандар» монологінде комикалық әсерді арттыру мақсатында, әртүрлі мамандық пен кәсіп салаларындағы адамдардың сөйлеу мәнеріне пародия жасайды.

Берілген мысалдарды талдау барысында стендап шебері *халық өміріндегі дәстүрлі ерекшеліктерді* нағыз юморға айналдыра алатынын дәлелдейді. Бір қырынан, бұл юмордың белгілі бір мәдени модель аясында қалыптасып, ұлттық менталитет ерекшелігін көрсететін лингвистикалық-когнитивтік феномендігі. Г.Г. Почепцов пікірінше, бір мәдениет аясында күлкілі деп есептелетін нәрсе басқа мәдениет үшін мүмдем түсініксіз болуы мүмкін. Әр мәдениет құндылықтарының нормалар мен мінез-құлықты анықтайтын өз жиынтығы болады [8, 154].

Сөйтіп, лингвист Г.Г. Почепцовтың пікірін талдай келе, юморлық мәтіндер барлық мәдениеттердегі бүкіл гуманитарлық салалар құндылықтарын қозғайды, алайда әр мәдениеттің құндылықтары әртүрлі болғандықтан, бұл жағдай шет тіліндегі юморды түсінуді қиындатып, «қуаныш» эмоциясы толық берілмейді деп айта аламыз.

Қазақ комиктерінің сәтті болуының негізінде қалжыңдауға болатын тақырыптардың еркіндігі ғана емес, өнер көрсетушілердің жеке басына қатысты әрі жаһандық сипаттағы, қазіргі қажетті де өзекті мәселені көтере білу қабілеті де жатыр.

Стендап-комиктердің адресаты аудитория екені белгілі. Талғамы жоғары көпшілік алдында бетпе-бет тұрып, стендапшылар нөмірге берілген бүкіл уақыт бойы аудиторияның назарын ұстап тұруы үшін, тілдік ресурстарын барынша жұмылдырады. Осыған орай стендап-комедия жанрының авторлары басқа шығармашылық мамандықтар өкілдеріне қарағанда, акценттеудің тілдік әсер ету сигналдарын белсенді түрде қолданады.

Талдау жасалған стендап-комедиялардағы әртіс пен тыңдармандар арасындағы тікелей өзара әрекеттесу өнер көрсетудің сәтті болуы үшін маңызды. Әзіл айту кезінде көрермендер назарын бақылау үшін, комиктер мимика, ишарат, дауыс мүмкіндіктерін, сахнада жүріс-қимылдарын белсенді түрде пайдаланады.

Талдау кезінде монолог-әзілдер объект сипатына қарай өмірбаяндық және оқиғалық болатыны анықталды. Әдет, отбасындағы тәрбие, әйел мен ер адамдардың түрлі жағдайлардағы әрекеттері, қай өңірден шыққаны туралы, т.б. тақырыптар көрсетілді.

Келтірілген мысалдарда юморлық құбылысты жасау үшін әсірелеу (гиперболизация), аналогия, теңеу, русизм, мағыналық антоним, контраст, стереотипті «әлсірету» және т.б. қолданылды.

Стендап					
Стендаптың болу шарты		Монологта әзілдің әрекет ету кезеңдері		Монолог- біртұтас шығарма	
Мәтін екі түрлі жағдаймен сәйкес келеді	Екі жағдай қарама-қарсы	Сөйлеушінің (стендап-комик) бар элементтерінен комикалық мәтіннің жасалуы	Тындарманның (көрерменнің) комикалық мәтінді түсінуі	Бір нәрсе жайлы ақпаратты қамтиды	Семантикалық сызба бойынша дамиды (антонимия-контраст, аналогия, гиперболизация және т.б. байланыстар)

Сонымен, зерттеу барысында көз жеткізгеніміз:

- қазақша стендап-комедия – бұл юмордың ерекше жанры, ұлттық менталитет ерекшелігін танытатын, белгілі бір мәдени модель аясында қалыптасқан лингвокогнитивті феномен;

- стендап күлкі реакциясын тудыру максатында аудиториямен өзара әрекеттесу элементтерінен тұрады және комиктер алдын ала әзірленген юморлық монологімен көпшілік алдында жалғыз өзі өнер көрсетеді;

- монолог былайша құрылады: стендап құрылымы шектеулі, мәтінді аяқтап, оны біртұтас шығарма етіп шығарады;

- қазақ стендапында көретілетін негізгі тақырыптар қоғамның тұрмыстық, жаһандық мәселелері болып табылады. Саяси тұрғыдағы кейбір тақырыптар көтерілгенімен, терроризм, расизм туралы тақырыптар және өлім, қарттық жайындағы тақырыптар қозғалмайды.

Әдебиеттер

1. Victoria E. Webster's New World dictionary of American English / Victoria E. – Neufeldt, ed.; 3rd college ed. Webster, 1998. – 356 с.
2. Зулпукаров К.З., Сабиралиева З.М. О когнитивно-языковой сущности юмора и способах его создания // Мир науки, культуры, образования. – № 6 (85), 2020. – С. 599–604.
3. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1996. – 464 бет
4. Мусаев А. Поэтика казахской сатиры: Уч. пособие. – Алматы: Санат, 1997. – 192 с.
5. Бактыбаева А.Т. Специфика комического в современной прозе Казахстана (на примере цикла рассказов Е. Турсунова) // Научный диалог. / А.Т. Бактыбаева. – 2023. Т. 12. № 5. – С. 250-268. – DOI: 10.24224/2227-1295-2023-12-5-250-268.
6. Иванова С.А. Особенности формирования прагматического потенциала выступлений в жанре «стендапкомедия» (на материале английского языка) // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2020. – Т. 13. Вып. 3. – С. 141-144.
7. Манжелевская Е.В. Прагматические особенности речи комиков, выступающих в жанре «Снедап» (на материале английского языка) // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017. № 10 (76): в 3-х ч. Ч. 2. С. 107-111.
8. Почепцов Г.Г. Язык и юмор. – Киев, 1982. – 250 с.

Олжахан А.Н. Қорлау дерегінің тілдік қарым-қатынастағы көріністері.....	106
Турумбетова Л.А. Казахский язык и культура в XX веке и в период после получения независимости.....	110
Куванбакиева А.Н. Национально-культурная составляющая мезуративных фразеологизмов уйгурского языка.....	115

2-СЕКЦИЯ

ТІЛ ЖӘНЕ СЕМИОТИКА, ТІЛ ЖӘНЕ ЖАЗУ ЯЗЫК И СЕМИОТИКА, ЯЗЫК И ПИСЬМО

Аязбаева Ә.С. Ақтөбе өңіріндегі топонимдердің тарихи маңызы.....	121
Копеева А.К., Кадырова Б.М. Қазақ эзіддерінің лингвистикалық ерекшеліктері туралы (стендап материалы негізінде).....	123
Махмараимова Ш.Т., Култаева Ф.Б., Батырова М.Б., Кобилев М.Э. Некоторые взгляды по теории имен и языковой рефлексии.....	129
Molotovskaya O.V., Zhambylkyzy M. Phraseological units in the English-language newspaper publications of political content	134
Таусоғарова А.К., Акишев М.С., Оспанова К.Д. Лингвистический анализ конфликтного текста	140
Утегенова Б.А., Таусоғарова А.К. Диффамация түсінігі және оның заңдық лингвистикалық мәселелері.....	145
Латыпов Ф.Р. В плане культурно-языковой семиотики – загадочные «заоблачные войны» Перу – что у них общего с западно-патюрскими племенами Средиземноморья?	151
Beisegul D.T., Aidarbek K. Zh. Alternativeness of terminological construction possibilities and terminological synonymy.....	157

3-СЕКЦИЯ

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЯЗЫК И КУЛЬТУРА

Жуманбаева Р.О. Жарнама дискурсындағы лингвомәдени код.....	161
Бекмухамедов Р.Б., Авакова Р.А. Түркологиялы-лингвистикалық білім базасындағы түркілік этнолингвомәдени концептілерінің формалды семантикалы-онтологиялық және білім графтары формасында концептуалды жасақталуының өзекті мәселелері.....	164
Оркен Қ. Ахмет Байтұрсынов және ұлттық әдебиеттану тарихын дәуірлеу мәселесі... 169	169
Караванова Л.Ж. Кросс-культурная компетентность как основа подготовки будущего педагога.....	174
Супрун В.И., Ван Цзятун. Посредничество тюркских языков при заимствовании китаизмов в славянские языки.....	178
Сейткулова А.Т., Ералиева Т.Е. Қазақ поэзиясында ақындардың имандылық-адамгершілік қасиеттер тазалығын сақтауға арналған сыншыл сарынды өлеңдер.....	183
Мырзаханова Д.Е., Таубаев Ж.Т. Эпонимдердің мәдениетаралық қарым-қатынастағы маңыздылығы.....	191
Kanalbek U.K., Dossanova A.M. Language in the context of media culture.....	196
Kapysheva G.K., Kydyrbekova A., Ermek M. The cognitive and logical approaches to the study of language and culture.....	202